



М.С.НАРИКБАЕВ АТЫНДАҒЫ KAZGUU UNIVERSITETI-нің
ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА
ОҚУДЫҒ ЖЕКЕ ҚҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

01 нұсқа
мерзім «04» сәуір 2022 ж.
15 беттің 1-беті

**М.С. НАРИКБАЕВ АТЫНДАҒЫ KAZGUU
UNIVERSITETI-НІҢ
ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕРІ МЕН БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНА
ОҚУДЫҒ ЖЕКЕ ҚҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Дана № _____ түпнұсқа

Көшірме № _____

Нұр-Сұлтан, 2022

АЛҒЫСӨЗ

1 Келесі жұмыс тобымен **ӘЗІРЛЕНГЕН:**

Жұмыс тобының жетекшісі – Білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің басшысы А.Е. Маймакова;

Әзірлеушілер:

1. Білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімінің басшысы – А.Е. Маймакова;

2. Құқықтық қамтамасыз ету бойынша басқарма басшысы – М.А. Крушинский;

3. Құқықтық қамтамасыз ету бойынша басқарма басшысының орынбасары – Р.Р. Идрисов.

2 Басқарманың 2022 жылғы 4 сәуірдегі қарауымен, 2022 жылғы 16 мамырдан бастап, қайтадан өзгертулер мен толықтырулар **ЕНГІЗІЛДІ**

3 Басқарманың 2022 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес №06 хаттамада, 2022 жылғы 16 мамырдан бастап енгізілген өзгертулер мен толықтырулар № 09 хаттамада **БЕКІТІЛГЕН**

2022 жылғы 16 мамырдағы енгізілген өзгертулер мен толықтырулар 2022 жылғы «04» сәуірде **КҮШІНЕ ЕНГЕН**

4 САРАПТАМА ТОБЫ:

- Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары – Г.Б. Кудайбергенов
- Бас бухгалтер – Б.Б. Увалиева
- Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы – М.А. Крушинский
- Қаржылық даму және бақылау бөлімінің басшысы – Хамзин А.
- Маркетинг және сату бөлімінің Басшысы – А.С. Алатаев

5 ТЕКСЕРУ ЖИЛІГІ

1 жыл

6 «М.С.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ Басқармасының 2020 жылғы 28 мамырдың шешімімен бекітілген №24 хаттама, 2021 жылғы 03 қыркүйектегі өзгерістер мен толықтырулар енгізілген №27 хаттама «М.С.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ-ға оқуға түсушілер мен білім алушылар үшін оқудың жеке құнын белгілеу және тағайындау туралы Ереже орнына **ЕНГІЗІЛГЕН.**

Осы Ереже «М.С.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti»АҚ Басқарма төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.

1. Қолданылу аясы

1.1. Осы «M.S.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ-ға оқуға түсушілер мен білім алушылар үшін оқудың жеке құнын белгілеу және тағайындау туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) университеттің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде дарынды, оқуға ынталы талапкерлер мен студенттерді қолдау мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Ережені «M.S.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) барлық бөлімшелеріне қолдану міндеттеледі.

1.3. Осы Ереже Университетте білім алушыларға қаржылық қолдау көрсету тәртібі мен рәсімін айқындау мақсатында Университетте және оның құрылымдық бөлімшелерінде ішкі пайдалануға арналған.

2. Нормативті сілтемелер

2.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, оның ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік және нұсқаулық құжаттарына, Университет Жарғысына, Университеттің атқарушы органының (Басқармасының), Ғылыми кеңесінің шешімдеріне, сондай-ақ Университет Басқармасы Төрағасының бұйрықтарына сәйкес әзірленді.

3. Белгілер мен қысқартулар

3.1. Осы Ережеде мынадай белгілер мен қысқартулар пайдаланылды:

ЖОО – Жоғары оқу орны;

ҚҚБ – Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы;

БЕБ – Бухгалтерлік есеп бөлімі;

ҚДжББ – Қаржылық даму және бақылау бөлімі;

КАЗГЮУ БМ – КАЗГЮУ Бизнес-мектебі;

СЖжПБД – Стратегиялық жоспарлау және персоналды басқару департаменті;

БАҚҚжТББ – Білім алушыларды қаржылық қолдау және түлектермен байланыс бөлімі;

ӘБП – Әкімшілік-басқару персоналы;

ПОҚ – Профессорлық оқытушы құрамы;

ҚР ЕК – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

4. Жауапкершілік және өкілеттіктер

4.1. Осы Ереже Басқарма шешімімен бекітіледі.

4.2. Осы Ережеде көрсетілген талаптарды енгізуге және орындауға, Ереженің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге БАҚҚжТББ Басшысы жауапты болады.

4.3. Бөлімшедегі құжаттардың сақталуы мен рұқсатсыз көшірілуі және қызметтік ақпараттың жайылып кетуіне қатысты жауапкершілік Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

5. Жалпы ережелер

5.1. Осы Ереже университет білім алушыларына оқудың жеке құнын белгілеу тәртібін, олардың мөлшері, шарттарын мен мерзімін анықтайды.

5.2. Осы Ереженің күші жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары (бакалавриат, магистратура, докторантура, КАЗГЮУ Бизнес-Мектебі (MBA, DBA) бойынша Университет білім алушыларына қолданылады.

5.3. Университетте оқудың жеке құны білім алушыларға осы Ережеде көрсетілген мерзімге білім алушылардың әртүрлі санаттары үшін тағайындалады.

5.4. Оқу жылына бөлінетін қаржылық қолдаудың жалпы көлемі бюджетке сәйкес және БАҚҚЖТББ ұсынысына сәйкес тиісті қаржы жылының қаржылық есептілігінің нәтижелері бойынша атқарушы органмен (Басқарма) айқындалады.

5.5. Егер білім алушы бірнеше негіздемелер бойынша оқу құнының жеке өзгеруіне үміткер болған жағдайда оған оның қалауы бойынша біреуі ғана тағайындалады, ол туралы білім алушы БАҚҚЖТББ-ға өтініш береді.

5.6. Оқудың жеке құнын белгілеуге өтініш беру әрбір оқу жылының 25 тамызы мен 15 қыркүйегі және 15 қаңтары мен 5 ақпаны аралығында жүргізіледі. Өтініштер БАҚҚЖТББ-ға беріледі.

5.7. Білім алушы ұсынылған жеке құнынан асатын оқу құнын төлеген жағдайда туындаған ақы төлемінің айырмасы келесі академиялық кезендерге ауысады. Бітіруші курс білім алушыларының артық төлемі оқу аяқталған соң қайтарылуы тиіс.

5.8. Білім алушының жеке оқу құнын тағайындау туралы өтінішін қарау үшін негіздеме болған оқиғалардың бірі келесідей болуы мүмкін: әрбір санат үшін көрсетілген тиісті құжаттарды ұсынған кезде осы Ереженің 6 және 7-бөлімдерінде көрсетілген оқиғалар орын алғанда.

6. Оқудың жеке құнын белгілеуге арналған санат түрлері

6.1. «Отбасылық» санаты

Оқудың жеке құны бір отбасынан тұратын (туған аға-інілері, апа-қарындастары, күйеуі, әйелі, балалары) білім алушыларына және non-degree тыңдаушыларына *Білім алушының тиісті оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтердің жеке құнының тізіліміне* сәйкес тағайындалады.

Оқудың осы жеке құны бір отбасынан оқитын адамдардың құрамын арттыруды ынталандыру мақсатында беріледі.

Талаптар/Өлшемшарттар:

1. Келесі құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсыну қажет:
 - 1.1. туыстығын растайтын құжаттар (білім алушылардың туу туралы куәліктері мен жеке куәліктері);
 - 1.2. неке қию туралы куәлік (ерлі-зайыптыларға);
2. «Отбасылық» санаты бойынша оқу құнының жеке өзгеруі оқудан шығарылған не отбасы мүшелерінің бірінің оқу процесі аяқталған сәтке дейін қолданылады. Оқудың жеке құны әрқайсысына жеке-жеке беріледі.
3. Егер отбасының екінші мүшесі Университетте бір отбасының мүшелерінің бірлесіп оқуы кезеңінде басқа ЖОО-дан ауысу тәртібімен қабылданған жағдайда оқу құнының жеке өзгеруі жарамды болады.
4. Оқуға түсушілер мен білім алушылар «Отбасылық» санаты бойынша оқу құнын жеке өзгертуге не осы Ереженің 5.7-тармағында көрсетілген кезеңде БАҚҚжТББ-не құжаттар мен өтініштер береді.

6.2. «Біздің түлектер» санаты

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына (магистратура, докторантура, КАЗГЮУ БМ) түсуші университеттің жоғары білім беру бағдарламасының (бакалавриат) түлектеріне, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасына (магистратура) түсуші non-degree тыңдаушыларына оқудың жеке құны белгіленеді.

Оқытудың жеке құны *Білім алушының оқуға түсу/қайта қабылдануының тиісті жылына көрсетілетін қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес* белгіленеді.

Талаптар/ Өлшемшарттар:

1. Оқудың жеке құнын белгілеу үшін дипломның түпнұсқасын және көшірмесін ұсыну қажет.
2. Оқытудың жеке құнының қолданылу мерзімі өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу үшін уақтылы ақы төленген жағдайда оқудың барлық кезеңіне белгіленеді.

6.3. «Апгрейд» категориясы

Жеке оқудың бағасы КАЗГЮУ БМ білім алушыларының негізінде белгіленеді:

- БМ серіктестері;
- шағын бизнес иелері;

- бастауыш менеджерлер (тәжірибесі 2 жылдан кем емес);
- бір отбасының мүшелері (бірге туған ағайындылар, әпкелі-сіңлілер, күйеуі, әйелі, балалары);

Жеке оқудың бағасы бекітілген *реестрге сәйкес әр білім алушының оқуға түскен жылы/оқуды қайта қалпына келтіруі бойынша белгіленеді.*

Талаптары:

1. Расталған құжаттардың түпнұсқасын ұсыну.
2. Жеке оқу бағасы КАЗГЮУ БМ оқу мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

6.4. «Колледж түлегі» санаты

Жоғары білім беру бағдарламаларына non-degree білім алушылары/тыңдаушылары ретінде түсетін Ақтөбе қаласындағы КАЗГЮУ колледжінің түлектеріне *оқудың жеке құны білім алушының тиісті оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес* белгіленеді.

Талаптары/Өлшемшарттар:

1. КАЗГЮУ колледжін аяқтағанын растайтын дипломның түпнұсқасын ұсыну қажет.
2. Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу үшін уақтылы ақы төленген жағдайда және білім алушының үлгерімінің орташа балы – GPA тиісті сессияның нәтижелері бойынша 2,67-ден төмен емес болған жағдайда оқытудың жеке құнының қолданылу мерзімі бір академиялық кезеңге (семестрге) ұзартылады.

6.5. «Мега талант» категориясы

Жеке оқудың бағасы КАЗГЮУ БМ білім алушыларының негізінде белгіленеді:

- өзге қалалық тыңдаушылар, онлайн форматта тыңдаушылар;
- кәсіпкер әйелдер, орта және жоғары буын басшылары (Қазақстандағы көшбасшы әйелдер қауымын дамыту);
- КАЗГЮУ Университетінің түлектері;
- мотивациялық хатын ұсынған және әңгімелесуден өткен тыңдаушылар.

Талаптар/ Өлшемшарттар:

1. Жеке оқудың бағасы бекітілген *реестрге сәйкес әр білім алушының оқуға түскен жылы/оқуды қайта қалпына келтіруі бойынша белгіленеді.*

2. Мотивациялық хат бойынша өтініш түскен жағдайда, КАЗГЮУ БМ әкімшілігімен әңгімелесуден өту және жеке баға қою үшін негізді дәлелдейтін хат жолдауы керек.

3. Жеке оқу бағасы КАЗГЮУ БМ оқу мерзімі аяқталғанға дейін белгіленеді.

6.6. «Ұрпақтар сабақтастығы» санаты

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін университет түлектерінің балаларына (non-degree білім алушылары мен тыңдаушылары) *оқытудың жеке құны білім алушының/тыңдаушының тиісті оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес* белгіленеді.

Талаптар/Өлшемшаттар:

1. Келесі құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсыну қажет:
 - 1.1. туыстықты растайтын құжаттар (туу туралы куәлік және жеке куәлік);
 - 1.2. ата-ананың университетті бітіргені туралы дипломы.
2. Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу үшін уақтылы ақы төленген жағдайда және білім алушының үлгерімінің орташа балы – GPA тиісті сессияның нәтижелері бойынша 2,67-ден төмен емес болған жағдайда оқытудың жеке құнының қолданылу мерзімі бір академиялық кезеңге (семестрге) ұзартылады.
3. Оқуға түсушілер мен білім алушылар / тыңдаушылар осы Ереженің 5.6-тармағында көрсетілген кезеңде БАҚҚЖТББ-не оқу құнын жеке белгілеуге құжаттар мен өтініштер береді.

6.7. «KAZGUU School түлегі» санаты

Оқытудың жеке құны жоғары білім беру бағдарламаларына (күндізгі оқу нысаны) түсетін «KAZGUU School» КАЗГЮУ мектебінің түлектеріне *білім алушының тиісті оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтердің жеке құнының тізіліміне сәйкес* белгіленеді.

Талаптар / Өлшемшаттар:

1. «KAZGUU School» мектебін бітіргені туралы аттестаттың түпнұсқасы мен көшірмесін ұсыну қажет.
2. Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету туралы жасалған шартқа сәйкес оқу үшін уақтылы ақы төленген жағдайда және білім алушының үлгерімінің орташа балы – GPA тиісті сессияның нәтижелері бойынша 2,67-

ден төмен емес болған жағдайда оқытудың жеке құнының қолданылу мерзімі бір академиялық кезеңге (семестрге) ұзартылады.

3. Оқуға түсушілер мен білім алушылар / тыңдаушылар осы Ереженің 5.6-тармағында көрсетілген кезеңде БАҚҚЖТББ-не оқу құнын жеке өзгертуге құжаттар мен өтініштер береді.

6.8. «КАЗГЮУ – біздің үйіміз» санаты

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына түсетін университет қызметкерлеріне, олардың балалары мен жұбайларына оқудың жеке құны *білім алушының/тыңдаушының тиісті оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтердің жеке құнының тізіліміне* сәйкес белгіленеді.

Бұл жеке оқу құны университет қызметкерлерін қолдау мақсатында ұсынылады.

Талаптар / Өлшемшаттар:

1. Келесі құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін ұсыну қажет:

Қызметкерлерге (штаттық ӘБК, ПОҚ):

- Стратегиялық жоспарлау және персоналды басқару департаментінен анықтама;

Қызметкерлердің балаларына:

- туу туралы куәлік/бала асырап алу туралы сот шешімі, қорғаншылық/қамқоршылық органдарының шешімі;

Қызметкерлердің жұбайларына:

- неке туралы куәлік.

2. Осы категория бойынша оқудың жеке құнын белгілеу үшін университет қызметкерінің күнтізбелік 1 және одан көп жылғы жұмыс өтілі болуы тиіс.

3. **Ерекше шарт:** оқудың жеке құны рентабельді академиялық лекті қалыптастыру кезінде белгіленуі мүмкін.

4. Оқытудың жеке құнының қолданылу мерзімі барлық шарттар сақталған кезде келесі кезеңдерге беріледі:

- бакалавриат – 4 академиялық жыл;
- бейіндік магистратура – 1 академиялық жыл;
- ғылыми-педагогикалық магистратура - 2 академиялық жыл;
- докторантура - 3 академиялық жыл;
- КАЗГЮУ Бизнес мектебі:
 - EMBA - 1 академиялық жыл;
 - MBA - 2 академиялық жыл;
 - DBA - 3 академиялық жыл.

5. Еңбек шарты ҚР ЕК-де көзделген кез келген негіздер бойынша жұмыстан босатылған/бұзылған жағдайда, белгіленген жеке күн Шарт бұзылған сәттен бастап жойылады.

7. «M. Narikbayev Scholarship» бағдарламасы бойынша санат түрлері

«M. Narikbayev Scholarship» бағдарламасы M.S.Narikbaev atyndağy KAZGUU Universiteti-нің бакалавриат бағдарламасы бойынша оқуға түсуге дарынды қазақстандық және шетелдік талапкерлерді шақыру және қолдау үшін әзірленген.

Байқаудың талаптары, іріктеу өлшемшарттары мен кезеңдері бағдарламаның Ережесімен реттеледі.

Талапкер мемлекеттік грант алған жағдайда, сондай-ақ жеке құнды белгілеу шарттарымен келіспеген жағдайда ұсынылған жеке оқу ақысы келесі тізім бойынша ұсыну мүмкіндігімен жойылады.

Талаптар/ Өлшемшарттар:

1. Оқудың жеке құны бір академиялық кезеңге (семестрге) *Білім алушының тиісті оқуға түсу жылына арналған қызметтер құнының тізіліміне* сәйкес тағайындалады және студент тек «жақсы» және «өте жақсы» бағаларымен /«қанағаттанарлық»/ «қанағаттанарлықсыз» бағаларынсыз оқыған және тиісті сессияның нәтижелері бойынша үлгерімнің орташа балы – 3,33-тен төмен емес GPA болған жағдайда ұзартылады.

2. Конкурстық комиссия шешімді бекіткеннен кейін (Б қосымшасы) талапкерге оқудың жеке құнын белгілеу шарттарымен келісу туралы қол қойылған келісімнің түпнұсқасын (Университет данасы) қабылдау комиссиясына ұсыну қажет.

8. Университетте білім алушылардың/тыңдаушылардың жеке оқу құнын белгілеу және тағайындау тәртібі

8.1. Оқудың жеке құны осы Ережеде көзделген әрбір санат бойынша құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса бере отырып, білім алушының/тыңдаушының өтініші негізінде тағайындалады.

8.2. Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін білім алушылардың/тыңдаушылардың өтініштері мен қоса берген құжаттарының жарамдылығын және осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген санаттардың мәлімделген талаптарына сәйкестігін БАҚҚЖТББ тексереді.

8.3. БАҚҚЖТББ өтініштерді қарау барысында үміткерден осы Ережеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұрата алады.

Өтініш берушінің қосымша құжаттарды ұсынуы қажет болған жағдайда өтінішті қарау мерзімі қосымша 3 (үш) жұмыс күніне ұзартылады.

8.4. Осы Ережеде белгіленген өлшемдер мен талаптарға сәйкес БАҚҚЖТББ жүргізілген тексеру негізінде бұйрықты БАҚҚЖТББ рәсімдейді (бұйрықтың түпнұсқасы кеңсеге беріледі, көшірмелері БАҚҚЖТББ мен БЕБ-те сақталады).

8.5. БАҚҚЖТББ Ережеге сәйкес бас тарту себебі көрсетілген уәжді қорытындыны ұсына отырып, өтініш берушіге оқудың жеке құнын тағайындаудан бас тартуға құқылы.

8.6. Оқудың жеке құнын білім алушы оқу жылының 2 (екінші) жартыжылдығынан бастап белгілей алады. Осыған сәйкес 1 (бірінші) жартыжылдықтағы оқу ақысын білім алушы/тыңдаушы мен университет арасындағы ақылы қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес толық көлемде өтеуі қажет.

8.7. Оқудың жеке құны білім алушыға Университеттің қаржылық қолдауы ретінде тағайындалады.

8.8. Жеке құн қосымша семестрлер (жазғы және қысқы мектептер) есепке алынбай, тек негізгі семестрлерге ғана белгіленеді және пәндерді қайта оқу және емтиханды қайта тапсыру (FX бағасы) есепке алынбай, тиісті негізгі сессияның нәтижелері бойынша ұзартылады.

8.9. Білім алушы/тыңдаушы университеттен шығарылған кезде негіздемеге қарамастан, ұсынылған жеке оқу құны оқудан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап жойылады. Бұл ретте *Білім алушы көрсетілетін қызметтер құнының тізілімінде* бекітілген оқу құны мен оқудың соңғы академиялық кезең үшін ұсынылған Жеке оқу құны түрінде алынған қаржылық қолдау арасындағы айырманы Университетке өтеуге міндеттенеді.

8.10. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша басқа ЖОО-да оқитын білім алушылар үшін жеке құнды есептеу әріптес ЖОО-да оқыған кредиттері есептегеннен кейін жүргізіледі.

8.11. Офис-регистратор осы Ережеде көрсетілген әрбір санат бойынша үлгерім өлшемшарттарының қолданысын ұзарту үшін негізгі академиялық кезеңдер (семестр) аяқталған тиісті сессияның қорытындысы бойынша жазғы және қысқы мектепті есептемей білім алушылардың/тыңдаушылардың транскриптерін ұсынады.

8.12. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің бастамасы бойынша жеке тәртіпте Басқарма отырысында M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti-нің штаттық оқытушыларына, қызметкерлеріне және/немесе қызметкерлерінің балаларына оқудың жеке құнын белгілеу туралы мәселелер қаралуы мүмкін. Бұл Университеттің бакалавриатында, магистратурасында, БМ-да (МВА, DBA), докторантурада және күндізгі оқу нысанында университеттің қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып оқитындарға, сондай-ақ Университетпен алдын ала келісу бойынша халықаралық және республикалық қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын

конкурстарға қатысатын жалпы орта білім беретін мектептердің түлектеріне арналған.

8.13. Егер студент тиісті сессияның қорытындысы бойынша оқудың белгіленген жеке құнын ұзарту өлшемшарттарын растамаса, онда А қосымшасында көрсетілген рәсімдердің бірі бастау алады.

8.14. Қаржылық қолдаудың өзге де түрлерін «Эндаумент КАЗГЮУ» корпоративтік қоры, сондай-ақ жекелеген Мектептермен және қорлармен меморандумдар жасасу негізінде ұсынуы мүмкін.

9. Өзге де шарттар

9.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар «М.С.Нарикбаев атындағы KAZGUU Universiteti» АҚ Басқармасының шешімі бойынша қызметтік жазба немесе БАҚҚжТББ Басшысының, Жоғары мектеп директорларының ұсынуы негізінде Басқарма Төрағасының алдын ала келісімімен енгізілуі мүмкін.

9.2. Осы Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды БАҚҚжТББ мүдделі тұлғалардың (құрылымдық бөлімшелер, оның ішінде Мектептер басшыларының) назарына жеткізеді.

А қосымшасы

СЫНАҚ МЕРЗІМІН БЕРУ ТУРАЛЫ САЯСАТ (SCHOLARSHIP PROBATION)

Оқудың жеке құны тағайындалғаннан кейін студенттер белгіленген ұзарту өлшемшарттарына сәйкестігін растауы керек.

Егер студент семестр нәтижелері бойынша оқудың жеке құнын ұзарту өлшемшарттарына сәйкес келмесе, келесі рәсімдер туындауы мүмкін:

- **Сынақ мерзімі (Scholarship probation),**
- **Уақытша тоқтату (Suspension policy),**
- **Толық тоқтату (Termination policy).**

Сынақ мерзімі (Scholarship probation)

Scholarship probation түсінігі Университет өміріне бейімделу кезінде туындайтын қиындықтарыға байланысты, сондай-ақ оқу кезінде денсаулығына байланысты немесе отбасылық себептерге байланысты енгізіледі. Бейімделу кезеңі 1-курстың 1 (бірінші)-академиялық кезеңі болып есептелсін.

Студентке жеке оқу құнын сақтай отырып, бір семестр (күзгі, көктемгі) сынақ мерзімі ұсынылады, бірақ студент осы семестрде өзінің орташа үлгерім балын қажетті деңгейге көтереді деген шарт қойылады.

Scholarship probation оқу үлгерімінің орташа балы қажетті 3,33 деңгейінен төмен, бірақ 2,33-тен төмен емес (2,33 – бұл ең төменгі қажетті деңгей) студенттерге ұсынылады.

Сынақ мерзімінің (бір семестр) нәтижелері бойынша студент өз көрсеткіштерін жақсартып, үлгерімнің талаптары мен өлшемшарттарына сай болуы тиіс. Ондай болмаған жағдайда студент бір семестрге жеке оқу құнының «**Уақытша тоқтата тұру (Suspension policy)**» мәртебесін алады.

Scholarship probation студенттің жазбаша өтініші бойынша жеке оқу құнының бүкіл кезеңінде тек бір рет беріледі, өйткені студент сынақ мерзімінен бас тарта алады және бір семестр жеке оқу құнын уақытша тоқтата алады, әрі сынақ мерзімін кейінгі семестрге қалдыра алады.

Уақытша тоқтату (Suspension policy)

«**Жеке оқу құнын бір семестрге уақытша тоқтата тұру (Suspension policy)**» мәртебесі:

- тиісті сессияның қорытындысы бойынша үлгерімінің орташа балы 2.33-тен төмен студенттерге;

- сынақ мерзімінен кейін үлгерім өлшемшарттарын растамаған студенттерге (**Scholarship probation**);
- Ережеге сәйкес туындаған басқа да мәселелер бойынша беріледі.

Студент оқудың жеке құнын белгілеуді ұзарту өлшемшарттарына сәйкес келген кезде БАҚҚЖТББ бұйрығы жасалады. Оқудың жеке құнын қалпына келтіру студенттің жеке оқу құнын бір семестрге уақытша тоқтата тұру кезінде алған оқу шығындарын жабуды білдірмейді.

Оқудың жеке құнының қолданылуын тоқтату (Termination policy)

Бұл мәртебе оқудың жеке құнын сақтау үшін студентті қолдау үшін барлық шаралар қабылданғаннан кейін және егер студент оқудың жеке құнының өлшемшарттары мен талаптарына сәйкес қажетті деңгейге жетпеген жағдайда автоматты түрде пайда болады.

Б қосымшасы

Хаттаманың бірыңғай үлгісі

Жоғары мектеп атауы
Конкурстық комиссия отырысының
№__ хаттамасы

Нұр-Сұлтан қ.

Отырыс күні

Отырысты өткізу орны:

Комиссия төрағасы: _____

(толық аты-жөнін және лауазымын көрсету)

Комиссия мүшелері: *(толық аты-жөнін және лауазымын көрсету)*

Комиссия хатшысы: _____

(толық аты-жөнін және лауазымын көрсету)

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«M. S. Narikbayev Scholarship» бағдарламасының «___» (қажеттісін қою) санаты бойынша оқудың жеке құнын белгілеуге M.S.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің талапкерлері арасында конкурстық орындарды бөлу туралы.

Күн тәртібі бірауыздан бекітілді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша..... сөз сөйледі.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

Бөлінген ___ (саны) орынды M.S.Narikbaev atyndaǵy KAZGUU Universiteti-нің «M.Narikbaev Scholarship» бағдарламасы бойынша конкурстық іріктеуден өткен талапкерлер арасында «_____» (қажеттісін қою) санаты бойынша бөлу және білім алушының оқуға түсу/қайта қабылдану жылына арналған қызметтер құнының тізіліміне сәйкес жеке құнын белгілеу.

№	Талапкердің аты-жөні (құжат бойынша)	Конкурстық іріктеу нәтижелері (балдары және т.б.)
1		







М.С.НАРИКБАЕВ АТЫНДАҒЫ KAZGUU UNIVERSITETI-нің
ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕР МЕН БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА
ОҚУДЫҒ ЖЕКЕ ҚҰНЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

01 нұсқа
мерзім «04» сәуір 2022 ж.
15 беттің 15-беті

Келісім парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Мерзімі
Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары	Г.Б. Кудайбергенов		
БЕБ Бас бухгалтері	Б.Б. Увалиева		
ҚҚБ Басшысы	М.А. Крушинский		
ҚДжББ Басшысы	А. Хамзин		
МжСБ Басшысы	А.С. Алатаев		

Келісім парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Мерзімі
Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары	Г.Б. Кудайбергенов		
БЕБ Бас бухгалтері	Б.Б. Увалиева		
ҚҚБ Басшысы	М.А. Крушинский		
ҚДжББ Басшысы	А. Хамзин		
МжСБ Басшысы	А.С. Алатаев	